

2011 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 41 қаулысы. Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 сәуірде № 3-12-131 тіркелді. Орындалу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1308 хатымен.

Ескерту. Орындалу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2012.10.16 № 1308 Хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдесіндегі 18, 19, 20, 21, 23, 44 баптарының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 250 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі, шақыру кезеңінде 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, сол сияқты 27 жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтарды 2011 жылғы 1 сәуірден 25 маусымға және 1 қазаннан 25 желтоқсанға дейінгі кезенде Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің қатарына әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Шақыруға арналған аудандық комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін (қоса беріледі).

3. "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Хромтау орталық аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның бас дәрігеріне (Қозбағаров Қ.- келісім бойынша), "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағына:

1) 2011 жылдың 1 сәуірінен 30 сәуірге дейін және 1 қазаннан 31 қазанға дейін шақырушыларды медициналық куәландыру жүргізу үшін маман дәрігерлерді, медбикелерді 2-қосымшаға сәйкес бөлінсін (қоса беріледі).

2) 2011 жылғы 1 сәуірге және 1 қазанға дейінгі мерзімде "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың тізімін, сол сияқты ауыратын шақырылуышылардың жеке карталарын (Ф.0,25 у) жеткізілсін.

3) шақыру кезінде стационарлық емделуде жатқан шақырушылар туралы мәлімет үш күннің ішінде "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне хабарлансын.

4. "Ақтөбе облысының ішкі істер Департаменті Хромтау ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Өсербаев М.- келісім бойынша):

1) шақыру кезінде шақыру қосынында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адамнан тұратын полиция наряды бөлінсін;

2) әскери міндеттілік және әскери қызметтен бас тартушы адамдарды іздестіру және шақыру участкесіне жеткізу жүргізілсін;

3) жеті күндік мерзім ішінде "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылуышылар туралы хабарлансын.

5. Мемлекеттік орган және меншік түріне қарамастан ұйым басшылары әскерге шақырушыларды іссапардан, еңбек демалысынан шақырып алу, оларға хабарлауды ұйымдастыру және олардың шақыру қосынына дер кезінде келуін қамтамасыз етуге тиіс.

6. Селолық оぐрұтер әкімдері, "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша оларға шақыру қосынына шақырылуы туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

7. "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Сержанов А.) тіркеу комиссиясының жұмысына қажетті мөлшерде техникалық жұмысшыларды бөлуді 3-ші қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін (қоса беріледі).

8. "Аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Нұрманова К.), іс шараларды өткізу үшін қарастырылған қаржыны бөлу мерзімінде жүзеге асырылсын.

9. "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Құмаров А.), аудан әкіміне 2011 жылдың 25 маусымында және 2011 жылдың 25 желтоқсанында шақыру қорытындылары бойынша ақпарат берілсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Елдесовке жүктелсін.

Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Усманғалиев

Аудан әкімдігінің

2011 жылғы 25 наурыздағы

№ 41 қаулысына 1- қосымша

Шақыру комиссиясының құрамы:

Хромтау ауданының қорғаныс
істер жөніндегі бөлім бастығы А.Кұмаров
Аудан әкімінің орынбасары С.Ельдесов
Аудандық ішкі істер бөлімі
бастығының орынбасары Н.Сәрсенғалиев
"Аудандық орталық аурухана"
МК ҚҚ терапевт - дәрігері С.Ешимкулова
Комиссия хатшысы: Ш.Бралина

Шақыру комиссиясының резервтегі құрамы:

Келісім-шарт және шақырылу бойынша
қызметке шақыру бөлімшесінің
бастығы А.Аймұханов
Аудан әкімі аппаратының
әскери жұмылдыру жұмыстары,
АҚ және ТЖ жөніндегі бас маманы Р.Кагиров
Аудандық ішкі істер бөлімі
бастығының орынбасары Ж.Базарбаев
"Аудандық орталық аурухана"
МК ҚҚ терапевт - дәрігері А.Диханбаева
Комиссия хатшысы: Л.Наурызалиева
Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 25 наурыздағы
№ 41 қаулысына 2-қосымша

Шақыру комиссиясының жұмысына қатысатын маман дәрігерлердің ҚҰРАМЫ

Отолоринголог Эліпов С.А.
Стоматолог Кенжебаева А.
Хирург Жанбурин Ж.И.
Терапевт Ешимкулова С.Ш
Рентгенолог Дускеева З.А.

Кардиолог Волненко Л.С.
Рентген-лаборант Шалова Г.
Лаборант Абенова К.К.
Лаборант Ибраева С.
Мед.бике Наурызалиева Л.
Мед.бике Стебнева С.
Мед.бике Аппакова Г.К.
Мед.бике Курманова Н.
Хатшы Бралина Ш.

Аудан әкімдігінің
2011 жылдағы 25 наурыздағы
№ 41 қаулысына 3-қосымша

Тіркеу комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету үшін "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ арқылы бөлінетін техникалық жұмысшылардың курамы.

P/c	Техникалық қызметкерлер саны	Қойылатын талаптар	Қай мерзімде бөлінеді
Көктем 2011	7	Орта білімді, жазуы анық әйел адам	25.03.2011 жылдан 25.06.2011 ж. дейін
	1	Жасы 25 – тең кіші емес әскери қызметін атқарған адам	25.03.2011 жылдан 25.06.2011 ж. дейін
Күз 2011	8	Орта білімді, жазуы анық әйел адам	25.09.2011 жылдан 25.12.2011 ж. дейін
	2	Жасы 25-тен кіші емес әскери қызмет атқарған адам	25.09.2011 жылдан 25.12.2011 ж. дейін